Бекітемін
Мектеп директоры: А.Базарбаева

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ»ЖШС
Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жылдық жоспар
2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.

Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:
1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
2. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
3. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Өткізу форматы
1-4 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасы				
1.	Отбасы – бақыт бесігі	Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас	Қазан	Баяндама
2.	Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері	Қараша	Ата-аналар жиналысы
3.	Әрбір бала – жарық жұлдыз	Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу	Желтоқсан	Сұхбат
4.	Баланы жастан...	Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар.	Қаңтар	Ата-аналар жиналысы

5.	Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т. б.	Ақпан	Салауатты белсенділік айлығы
6.	Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер	Балаға жақсы әдеттерді үйрету. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.	Наурыз	Тренинг
7.	Сенім арту - жетістік кепілі. Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену	Сәуір	Ата-аналар жиналысы
8.	Тәлімменен өрілген біздің дәстүр	Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы	Мамыр	Дөңгелек үстел

ДТІЖО: Л.Абильбекова